

Алматы қаласында "Оқу озаттары бірлестігін" құру туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімінің шешімі 2000 жылғы 28 қарашадағы N 1104. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2001 жылғы 24 қаңтарда N 277 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 25 шілдедегі N 3/641 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 25.07.2012 N 3/641 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 "Дарынды балалар үшін мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Өкімі негізінде және қаладағы дарынды балалардың ойлау бейімділіктерін дамыту, оқуда жоғары жетістіктерге жеткен оқушылардың қарым-қатынасын арттыру, сонымен қатар жеткілікті қамтамасыз етілмеген жанұяның оқу озаты-оқушыларына көмек және қолдау көрсетуді ұйымдастыру мақсатында, Алматы қаласының Әкімі шешім қабылдады:

1. Алматы қаласында алты аудандық "Оқу озаттары клубынан" тұратын "Оқу озаттары бірлестігі" құрылсын.

2. Оқу озаттары бірлестігінің Ережесі бекітілсін (N1 қосымша).

3. Аудан Әкімдерімен жеткілікті қамтамасыз етілмеген жанұяның оқу озаттары балаларын оқу құралдарымен, мектеп бағдарламасынан көлемі жоғары ғылыми-танымал және энциклопедиялық әдебиеттермен қамтамасыз етуде материалдық көмек көрсетілсін.

4. Осы шешімге бақылау жасау Әкімнің орынбасары Ә.Ж.Ыбыраевқа жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

Әкімнің 2000 жылғы 28 қарашадағы
N 1104 шешіміне N 1 қосымша

"Оқу озаттары Бірлестігі туралы" ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. "Оқу озаттарының Бірлестігі" (бұдан былай Бірлестік деп аталады) заңды тұлға құрмаған, мектептерде "үздік" оқитын 9-11 сыныптардың оқушыларын,

олардың рухани сауығу мен жетілу мақсатындағы ортақ мүддесінің негізінде ерікті түрде, біріктіретін қоғамдық ағартушылық коммерциялық емес ұйым болып табылады.

1.2. Бірлестік жергілікті статуска ие және өз қызметін Алматы қаласының аумағында жүзеге асырады. Осы Ереженің негізінде жұмыс істейді.

1.3. Бірлестік аудандық "Оқу озаттары клубтарының" жұмысын бағыттайтын орган болып табылады.

1.4. Бірлестік мектепте "үздік" оқитын оқушыларға қолдау көрсетеді және көңіл бөледі.

1.5. Бірлестікті құру жастарды оқыту және тәрбиелеу ісінің өзекті мәселелерін шешуге ықпал етеді, озық педагогикалық тәжірибелерді жинақтап таратуға көмектеседі.

1.6. Бірлестіктің мекен-жайы: Алматы қаласы, Сейфуллин проспектісі (Райымбек проспектісімен қиылысы), Қалалық білім беру жүйесі кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты.

2. Бірлестік қызметінің мәні мен мақсаттары

2.1. Бірлестік қаланың аса дарынды балаларының интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, оқуда жоғары жетістіктерге жеткен оқушылардың имиджін көтеру және бір-бірімен қарым-қатынасын арттыру мақсатында ұйымдастырылады.

2.2. Осы мақсатқа сәйкес Бірлестіктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

2.3. Оқушылардың өз бетімен білім алу, өзін-өзі жаңарту, өзін-өзі дамыту механизмдерін жүзеге асыру жолдарын іздеу әдістері мен тәсілдерімен байыту және өз мүшелерін білімдері мен біліктерін үнемі толықтырып отыруға ынтыландыру;

2.4. Оқушылардың бастамашылдығы мен шығармашылығын дамыту үшін қажетті жағдай туғызу, Бірлестіктің жұмысына қатысты қызметкерлерге ғылыми-теориялық, әдістемелік көмектер көрсету;

2.5. Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған басқа да қызметтер.

3. Бірлестіктің міндеттері мен құқықтары

3.1. Бірлестік өзінің негізгі міндеттерін орындау үшін және өз қызметінің қағидаларына сәйкес мынандай құқықтарға ие:

3.1.1. Өз қызметі туралы ақпарат тарату;

- 3.1.2. Бірлестік мүшелерінің интеллектуалдық өсуіне ықпал ету;
- 3.1.3. Көрмелер, кеңестер, презентациялар өткізу;
- 3.1.4. Бірлестіктің міндеттеріне сай келетін іс-шаралардың, семинарлардың, дәрістердің өткізілуіне қатысу;
- 3.1.5. Шығармашылық және өндірістік ұжымдар құру және қолданылып жүрген заңдардың шегінде олардың қызметін ұйымдастыру;
- 3.1.6. Осы Ереже қызметінің шегінде халықаралық ұйымдарға, съездерге, және басқа іс-шараларға қатысу.

4. Оқу озаттары Бірлестігіне мүшелік

4.1. "Үздік" оқитын 9-11 сыныптардың оқушылары Бірлестікке мүше бола а л а д ы .

4.2. Бірлестікке мүшелікке қабылдау мәселесі аудандық "Оқу озаттары клубтарының" басшыларымен немесе бірлесіп шешіледі.

4.3. Бірлестік мүшесі құқылы:

4.3.1. Бірлестіктің жұмысына дауыс құқығына ие болып қатысуға;

4.3.2. Бірлестіктің және оның құрылымдарының қызметіне байланысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

4.3.3. Бірлестіктің және оның құрылымдарының қызметінің барлық бағыттары бойынша ұсыныстар мен кепілдемелер енгізуге;

4.3.4. Бірлестікке берілген өзінің әлеуметтік, құқықтық және материалдық мүдделерінің барлық түрін пайдалануға;

4.3.5. Алматы қаласының Әкімі (Бірлестік мүшелеріне арналған гранттар туралы Ережеге сәйкес) тағайындаған Алматы қаласының жоғары оқу орнында оқудың түгел мерзіміне грант алуға;

4.3.6. Алматы қаласының Әкімі (Бірлестік мүшелеріне арналған стипендиялар туралы Ережеге сәйкес) тағайындаған стипендия алуға;

4.3.7. Алматы қаласының кітапханаларының қызметін жеңілдікпен п а й д а л а н у ғ а ;

4.3.8. Интернет жүйесін жеңілдікпен пайдалануға;

4.3.9. Бірлестік мүшелігінен шығуға;

4.3.10. Бірлестік жұмысының жағдайы туралы ақпарат алуға.

4.4. Бірлестік мүшесі міндетті:

4.4.1. Бірлестік Ережесін сақтауға;

4.4.2. Бірлестік қызметіне атсалысуға;

4.4.3. Бірлестік өткізетін жалпы жиналыстарға және іс-шараларға қатысуға.

5. Бірлестіктің басқару органдары

5.1. Бірлестіктің жоғары басқару органы аудандық клубтардың басшы-ұйымдастырушылары енетін Бірлестік Кеңесі болып табылады.

5.2. Бірлестік Кеңесі:

5.2.1. Кеңестің төрағасы мен хатшысын сайлайды;

5.2.2. Бірлестіктің Ережесіне өзгертулер мен толықтырулар қабылдайды және е н г і з е д і ;

5.2.3. Бірлестіктің қызметінің негізгі бағыттары мен даму перспективасын т а л қ ы л а й д ы және б е к і т е д і ;

5.2.4. Жылына екі рет аудандық "Оқу озаттары клубтарының" басшы-ұйымдастырушыларының есебін тыңдайды.

5.3. Жалпы жиналыс жылына бір реттен артық өткізілмейді.